

**Түркістан облысы ДСБ-ның «Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы
ШЖҚ МКК -ныңда 2023 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізу туралы талдамалық
АНЫҚТАМА**

Қараағашты ауылы

07.08.2023 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысы ДСБ-ның «Ақ-бұлақ облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 01 маусымдағы № 26-н/к бұйрығы.

2. Ішкі талдаудың объектілері:

Түркістан облысы ДСБ-ның «Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК –на қарсаты барлық медициналық бөлімдер саны: неврологиялық бөлім, ортопедиялық бөлім, соматикалық бөлім, педагогикалық бөлім.

3. Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Бас есепші – Сарыбаев Берик Хауасович;

Экономист – Таханов Алмазхан Абилдаханович;

Заң консультанты – Сугралиева Айман Садуакасовна;

Кадр жөніндегі инспектор – Еркеш Сержан Саянбекұлы;

Бөлім меңгерушісі – Маханова Нәзира Жақсылыққызы;

Бас мейіргер – Ахметова Казима Досбосынқызы.

Мемлекеттік орган ережесіне сәйкес, орталық қызметіне және оған байланысты нормативтік-құқықтық актілерге тиісті мына қызмет талданды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ЗРК «Азаматтық процессуалдық кодексі», Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №335-V ЗРК «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі», Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №229 жарлығымен орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды бару арқылы жүргізу тоқтатылғаны туралы.

Алайда, мораторидің күші тұрғындардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңнамалық пен қоғамдық тәртіпке, қауіп төндіруі мүмкін заң

бұзушылықтардың алдын алуға немесе оларды жоюға бағытталған тексерулерге қатысты болмайды.

Сондықтан, орталық тарапынан ҚР ӘҚБтК-нің Кодексінің 802 бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, яғни жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері негізінде ғана дәлелденген құқық бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2023 жылдың 23 маусым – 07 тамыз күндері аралығы.

5. Ішкі талдау қамтыған кезең:

01.01.2023– 07.08.2023 жылы.

6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Басшы мен медицина қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеулер болмады.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Ұйымда шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат ресімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 Қаулысының талаптарына сәйкес жүргізілген.

Алайда, «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарын, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарын және коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта атау және Жарғыларын бекіту туралы» №67 Қаулысына сәйкес ұйымның атауы ауысуына байланысты қолданыстағы фирмалық бланкілері жойылып, 2023 жылғы 30 маусымнан бастап уақытша фирмалық бланкілерсіз іс-қағаздар ресімделуде.

Кәсіпорын басшысымен 01.01.2023 – 07.08.2023 жыл аралығында негізгі құрам бұйрығы – 27, жеке құрам бұйрығы – 305 шығарылған (Кемшіліктер анықталмады).

Сондай-ақ, барлық қызметкерлердің біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» N 338 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы Әлеуметтік қамсыздандыру саласының азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы № 1042 бұйрығына және «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және

формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы талаптары толығымен сақталып, медицина қызметкерлерін оқыту ұйымдастырылған.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 27-бабына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы талаптарына сәйкес барлық медицина қызметкерлері сертификаттан өткен. Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаттары жарамды.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д. Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И хатына сәйкес бөлім басшыларының функцияналдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын бөлім меңгерушілерінің лауазымдық міндеттерінде ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілді.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2023 жылы – 12 адам қабылданған, 16 – адам жұмыстан босатылған. Оның ішінде: 10 – адам өз бастамасы бойынша, 3 – адам маусымдық жұмыстың аяқталуына (еңбек шарты мерзімі аяқталу) байланысты, 1-адам белгісіз себептер бойынша бір айдан астам жұмыста болмауына байланысты, 1 – адам штат қысқартылуына байланысты, 1-адам қайтыс болуына байланысты еңбек шарттары бұзылған.

Қызметкерлерді жұмыстан шығаруда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексіне сәйкес белгіленген тәртіп бойынша жұмысқа қабылдау, еңбек шартын тоқтату, қызметін ауыстыру, тәртіптік жаза қолдану шаралары ресімделген. Құқық бұзушылықтар анықталмады.

Жұмыс берушінің және кәсіподақтан қызметкерлерге қолдау көрсету шарлары туралы (материалдық көмек, сыйақы және т.б):

Кәсіпорында 2023 жылдың 01 қаңтар айынан бастап ТО ДСБ «Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы ШЖҚ МКК-ның денсаулық сақтау жүйесін «Densaulıyq» және бастауыш кәсіподақ ұйымы атынан осы уақытқа дейін 7 медициналық қызметкерге сыйақы ретінде және материалдық көмек көрсетілген: 4 медицина қызметкерлерге 15 000 теңгеден берілген (туысының қайтыс болуы), 3-қызметкерге 45 000 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілген (Көп балалы ана және материалдық тұрғыдан аз қамтылған отбасы).

Сыйақы мен материалдық көмек көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмады.

Денсаулық сақтау басқармасының кадрлық тағайындау мәселесіне ашық механизмді енгізуді:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының өңірдегі денсаулық саласында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын алдын-алу басым бағыттарының бірі болып табылады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы және «InCraft» ЖШС бірлесіп облыс аумағында денсаулық сақтау қызметкерлерін *(оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер)* адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіру 2023 жылдың **төртінші тоқсанынан бастап** толық іске асыру жоспарлануда.

Осы жоба пилоттық режимде бірқатар медициналық кәсіпорындарда ендіріліп оң нәтижесін көрсетті.

Jumys SmartNation порталында конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау 2 кезенді қамтиды:

Медициналық мекеме бос орын туралы enbek.kz сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен жай бойынша үміткер өз құжаттарын **Jumys SmartNation** порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді.

1 кезең: тестілеу - үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тесті өту мәресі 60% кем болмауы тиіс.

2 кезең: тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірбиелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірде бір құралы болып табылады.

Қазіргі таңда **Jumys SmartNation** порталы Түркістан облысы бойынша жұмыс істемей тұрғаны анықталды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бұлтты құжат айналым «Е-otinish» арқылы 2023 жылдың 7 айы бойынша 9 өтініш, оның ішінде: өтініш – 4, ұсыныстар -2, басқасы (хабарлама, сұрату, үн қосу) – 3 келіп түскен.

Өтініштердің ішінде бағалық ұсыныстар, еңбек қатынастары бойынша мәселелер, т.б көтерілген.

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

Кәсіпорынның ЖШС "Стандарт ЛК-мен түзген 37124000024/220051/00 2022-05-31 клісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі" арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 50 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды,*

жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Кәсіпорынның Корпоративный фонд "University Medical Center"-мен түзген 371240000024/220035/00 2022-02-28 келісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі" арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 250 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Кәсіпорынның ЖШС "КазПЦО "Astana-Gold "-мен түзген 371240000024/220033/00 2022-02-25 келісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі" арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 45 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Кәсіпорынның ЖШС "Стандарт ЛК "-мен түзген 371240000024/220032/00 2022-02-25 келісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі" арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 50 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

-Кәсіпорында түзілген келісім шарттарда "Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі" арқылы жасалғандығы анықталмады.

Мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41 бабына және 4 бапқа сәйкес Заңына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтер бәсекелестік ортада жүргізілуде.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ақ-бұлақ" облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны" 01.01.2023 – 07.08.2023 жыл аралығында мемлекеттік сатып алу веб порталы (www.goszakup.gov.kz) арқылы 69 келісім-шарт түзілген болатын. Соның ішінде: Бір көзден сатып алу тәсілімен 9 келісім шарт соның ішінде:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 39-бабының 3-тармағы 50 – тармақшасына сай өткізгендер:

№5, №2 –«Азық түлік»; № 8525688 интернет, № 424826 байланыс қызметі, №1 жанар-жағар май,

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 39-бабының 3-тармағы1 – тармақшасына сай өткізгендер: №1Д/33-2023-ТРК - Газды тасымалдау бойынша қызметтері; №17-5-078] - Электр энергиясы;

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 39-бабының 3-тармағы 36 – тармақшасына сай өткізгендер: №32-33 – Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің қызмет көрсетулері

Мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 9 келісім шарт түзілген.

Баға ұсыныстар сұрату тәсілімен 34 келісім шарт түзілген.

Ашық конкурс тәсілімен 1 келісім шарт түзілген.

Электронды дүкен арқылы 12 келісім шарт түзілген .

Конкурстың екінші кезеңі негіздемелік келісімді пайдалана отырып 2 келісім шарт түзілген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңнамасына сәйкес жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың көріністері байқалмады.

Сот отырыстары туралы.

«Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы 01.01.2023 – 07.08.2023 жыл аралығында Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап арызбен жүгінген саны:–6.

Оның ішінде: Толық қанағаттандырылғаны саны – 6;

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы шығарылымдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы талаптарының орындалуы.

Оңалту орталығы бойынша баспасөз қызметіне жауапты маман айқындалған. Баспасөз қызметінің міндетіне медициналық ұйымдарда болып жатқан жаңалықтар мен жайттар туралы интернет ресурс пен әлеуметтік желілер арқылы халықты ақпараттандырып отырады.

Ұсынылады:

-БАҚ шығарылымдарына тұрақты түрде мониторинг жүргізуді, жарияланған

қамтамасыз етуге, баспасөз қызметіне жауапты мамандардың қызметін күшейту, Ұйымның ресми интернет ресурстарын, әлеуметтік желілерін халыққа және қоғамға тиімді ақпараттармен жаңартып отыру (мерзімі: үнемі);

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Денсаулық сақтау қызметкерлерін (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралымен жұмыс жасау;

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас есепші


Экономист

Заң консультанты

Кадр жөніндегі инспектор

Бөлім меңгерушісі

Бас мейіргер



Сарыбаев Берик Хауасович;

Таханов Алмазхан Абилдаханович;

Сугралиева Айман Садуакасовна;

Еркеш Сержан Саянбекұлы;

Маханова Нәзира Жақсылыққызы;

Ахметова Казима Досбосынқызы.

